21586053530

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 маусым №1112-24-00-2/1627 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы білім басқармасының Щучинск қаласының «Білім-инновация» IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Aroma trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Ақмола облысы білім басқармасының Щучинск қаласының «Білім-инновация» IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Aroma trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

"Aroma trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Aroma trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 4 620 (төрт мың алты жүз жиырма) теңге 47 (қырық жеті) тиын көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 1 985 (бір мың тоғыз жүз сексен бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 20.06.2024

Дата вступления в законную силу: 29.07.2024, судья Нургалиева Г. И., 25.09.2024